

ТАВУС МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ИНВЕТОРЛЫҚ КЕЛІСІМ

МАҢЫЗДЫ – ПАЙДАЛАНУШЫ, ИНВЕТОР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ЖӘНЕ ТӨМЕНДЕ АНЫҚТАЛҒАНДАЙ, ИНВЕТОРЛЫҚ КЕЛІСІММЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСУЫ ТИІС, ОЛ ИНВЕТОР МЕН ЭМИТЕНТ НЕМЕСЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАНДЫ БАСТАПҚЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ ТАРАП АРАСЫНДАҒЫ ТӨМЕНДЕ АНЫҚТАЛҒАНДАЙ, ҚОЛДАНБА АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ РЕТТЕЙДІ. ЭМИТЕНТ МӘМІЛЕЛЕРДІ ТЕК СІЗ ОСЫ ИНВЕТОРЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ БАРЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫН ҚАБЫЛДАП, КЕЛІСКЕН ЖАҒДАЙДА ҒАНА ЖАСАЙДЫ. ЭМИТЕНТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ЕШҚАНДАЙ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРМЕЙДІ, ЖӘНЕ СҰРАУ САЛУ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАН ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАМТИТЫН ҚҰЖАТ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛАДЫ. ЭМИТЕНТ НЕМЕСЕ ОНЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАН ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАМТИТЫН ҚҰЖАТҚА СӘЙКЕС ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАНДАРДЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БЕЛГІЛІ БІР ИНВЕТОР НЕМЕСЕ ИНВЕТОРЛАР ТҮРІ ҮШІН ОРЫНДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАМАЙДЫ. ЕГЕР ИНВЕТОР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАН ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ ҚАМТИТЫН ҚҰЖАТТЫҢ МАЗМҰНЫН ТҮСІНБЕСЕ НЕМЕСЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ НЫСАН ОНЫҢ ЖЕКЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫНА СӘЙКЕС КЕЛЕТІНІНЕ СЕНІМСІЗ БОЛСА, ИНВЕТОР УӘКІЛЕТТІ ҚАРЖЫЛЫҚ КЕҢЕСШІДЕН КЕҢЕС АЛУЫ КЕРЕК.

Осы Инвесторлық келісім («**Келісім**») бұдан әрі бірлесіп «**Тараптар**», ал жеке-жеке «**Тарап**» деп аталатын

- (1) Инвестиция нысандарын ұсыну құжаттарына сәйкес Эмитент атынан әрекет ететін агентті қоса алғанда, Инвестиция нысандарын шығаратын және оларды Қосымша арқылы ұсынатын Эмитент («**Эмитент**»)

және

- (2) осы Келісімді сөзсіз қабылдайтын Жеке клиент ретінде сыныпталатын жеке тұлға (бұдан әрі – «**Инвестор**») арасында жасалды.

1. КІРІСПЕ

Осы Келісім Эмитент пен Инвестор арасындағы Инвестиция нысандарын Қосымша арқылы орналастыру туралы құжаттардың шарттарына сәйкес Инвестиция нысандарын сатып алу - сату жөніндегі Тараптар арасындағы қатынастарды реттейтін ережелер мен шарттарды белгілейді.

Эмитенттің Бағалы қағаздарды орналастыру шарттарын Бағалы қағаздар Проспектісі реттейді. Проспект Эмитент АІХ-те бағалы қағаздардың листингі мен орналастырылуына байланысты дайындалады, АІХ-пен мақұлданады және Эмитент Нормативтік хабарландыру қызметі арқылы АІХ веб-сайтында жариялайды: <https://aix.kz/prospectus/>.

Инвестициялық монеталарды, сондай-ақ олардың бөліктерін (үлестерін) сату және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген инвестициялық монеталар мен олардың бөліктерін (үлестерін) сату және сатып алу шарттарымен реттеледі.

Осы Келісім Инвестор Қосымша арқылы осы Келісімді айқын және саналы түрде қабылдағаннан кейін күшіне енеді.

Тараптар кез келген қолданылатын АХҚО заңнамасы оның кейінгі өзгерістерімен қоса өзіне қатысты міндетті екендігін осы арқылы және әрқашан мойындайды.

2. АНЫҚТАМАЛАР

«Шот» Тіркеуші тізіліміндегі шотты немесе Депозитарийдегі шотты білдіреді;

«Қаржылық шот» Жеке клиентке тиесілі және бекітілген Есеп айырысу банкінде ашылған AIX CSD номиналды шотында сақталатын Клиенттің ақшалай қаражатын көрсететін шоттың бөлігі болып саналатын жеке клиенттік шотты білдіреді;

«Рұқсат етілген өнімдер» AIX CSD Бизнес-ережелерінде берілген мағынаға ие болады;

«қолданылатын заңнама» немесе «АХҚО заңнамасы» «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығы шеңберіндегі кейінгі өзгерістерін ескерілетін кез келген қолданылатын заңнаманы білдіреді;

«АИХ» Қосымшаның иесі болып табылатын АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасы» жеке компаниясын білдіреді;

«АИХ CSD» АХҚО заңына сәйкес құрылған «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасының Депозитарийі» жеке компаниясын білдіреді;

«АИХ Тіркеушісі» АХҚО заңына сәйкес тіркелген «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Биржасының тіркеушісі» жеке компанияны білдіреді;

Tabys Ltd. - Қолданбаның иесі болып табылатын АХҚО заңнамасына сәйкес тіркелген "Tabys Ltd." жеке компаниясы;

«Тіркеушімен келісім» Инвестор мен Тіркеуші арасындағы Инвестордың Инвестиция нысандарына меншік құқығын есепке алу және Шот ашу жөніндегі қатынастарды реттейтін тіркеу қызметтері туралы келісімді білдіреді;

«АХҚО Бизнес жүргізу қағидалары» 2017 жылғы № 4 АХҚО Бизнес жүргізу қағидаларын білдіреді;

«Тіркеушінің тізіліміндегі шот» Тіркеуші мен Инвестор арасында жасалған Тіркеушімен келісімнің ережелері мен шарттарына сәйкес Тіркеуші басқаратын Инвестиция нысандары тізілімінде Инвестор үшін құрылған және Инвестордың Эмитенттен сатып алған Бағалы қағаздары сақталатын электронды жеке шотты білдіреді;

«жұмыс күні» Астана уақыты бойынша сағат 9:00 мен 18:00 аралығындағы уақыттағы кез келген жұмыс күнді білдіреді (сенбі, жексенбі немесе Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мереке күндерінен басқа);

«Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шарт» Инвестор мен AIX CSD арасындағы қатынастарды реттейтін кастодиандық қызметтер туралы шартты білдіреді;

«Депозитарий» AIX CSD Бизнес жүргізу қағидаларына сәйкес AIX CSD басқаратын депозитарийді білдіреді;

«Депозитарлық шот» AIX CSD мен Инвестор арасында жасалған Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шарттың талаптарына сәйкес AIX CSD Депозитарийіндегі номиналды шотта құрылған Инвестордың атындағы жеке қосалқы шотын білдіреді;

«Мобильді қосымша» немесе «Қосымша» – AIX әзірлеген және Инвестор мен Лицензиаттар, соның ішінде Инвестор мен Эмитенттер арасындағы Инвестиция нысандарын сатып алу бойынша құжаттың шарттарына сәйкес, Инвестор мен AIX Registrar арасында Инвестиция нысандарына құқықтарды есепке алу бойынша AIX Registrar шарттарына сәйкес, пайдаланушы мен AIX CSD арасында кастодиандық қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес кастодиандық қызметтер көрсету, сондай-ақ Инвесторлар мен Эмитенттер арасында Инвестиция нысандарына қатысты мәмілелерді құжаттауға арналған «Tabys» мобильді қосымшасы. Қосымшаны Қызмет көрсету ережелеріне сәйкес кез келген құрылғыға жүктеп алуға болады.

ҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі – инвестициялық монеталардың эмитенті және инвестициялық монеталардың бөліктерін (үлестерін) іске асырушы;

Инвестиция нысаны – Бағалы қағаздарды және (немесе) инвестициялық монетаның бөлігін (үлесін) білдіреді;

Инвестициялық монетаның бөлігі (үлесі) – AIX Registrar есеп жүйесінде жасалатын, инвестициялық монетаның жасалған бағалы металдың химиялық таза салмағы бойынша

граммен (унциямен) анықталған сәйкес бөлігін (үлесін) талап етуге арналған материалдық емес құқық. Инвестор инвестициялық монетаның барлық бөліктерін (үлестерін) толық сатып алған жағдайда, Эмитенттен инвестициялық монетаны алу құқығына ие болады;

«сұрау» – Инвестиция нысандарын сатып алу, сату немесе сыйға беру және, тиісті жағдайларда, мұндай Инвестиция нысандарын Инвестордың AIX Registrar жүргізетін AIX Registrar-дағы шотынан/шотына немесе AIX CSD басқаратын Депозитарийдегі Депозитарлық шотынан/шотына аударуға арналған сұрау, инвестициялық монеталарды алу, сондай-ақ Ақша шоттарын толтыру, шығару және олардың арасындағы аударымдар немесе кез келген басқа да осындай сұраулар бойынша Эмитентке Қосымша арқылы жіберілген сіздің сұрауыңыз.

«инвестициялық монеталар» – бағалы металдардан жасалған, инвестициялау және жинақтау нысаны болып табылатын Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының инвестициялық монеталары.

«Байланысты құжаттар» өзара байланысты, осы Келісімге қатысты болып саналатын және Инвестор оларды қабылдайтын және шарттарымен келісетін Құпиялылық саясатын, Қызметтер көрсету шарттарын, Инвестициялық монеталар мен олардың бөліктерін (үлестерін) сату және кері сатып алу шарттарын, Қызмет көрсету келісімін және Тіркеушімен келісімді білдіреді; «Проспект» АХҚО нарық ережелерінде көзделген ақпаратты қамтитын, оның ішінде Эмитент, Бағалы қағаздар және олардың ұсынылуы туралы ақпараттарды қамтитын Эмитент дайындаған ақпаратты ашу құжатын білдіреді;

«Қызмет көрсету келісімі» Мақсаттарға қарай, Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шартты және/немесе Тіркеушімен келісімді білдіреді;

«Бағалы қағаз» АХҚО заңнамасына сәйкес материалсыздандырылған нысанда шығарылған, Рұқсат етілген өнімдер санатына жататын акцияны, борыштық міндеттемені, борыштық қолхатты, сертификатты, құрылымдалған қаржылық өнімді және пайды білдіреді;

«сіз», «сіздің» және «сіздердің» осы Келісімге сәйкес Инвесторды білдіреді;

«Жеке Клиент» АХҚО Бизнес жүргізу қағидаларының 2.2.1-тармағында көрсетілген мәнге ие;

«біз», «бізді» және «біздің» осы Келісімге сәйкес Эмитентті білдіреді;

«вебсайт» домені www.tabysapp.kz ретінде тіркелген Қосымшаның интернет-сайтын білдіреді.

«Эмитент» – Инвестиция нысанын шығарған немесе шығаруы тиіс кез келген заңды тұлға, сондай-ақ Инвестиция нысандарын ұсыну құжаттарына сәйкес Эмитент атынан әрекет ететін агентті қоса алғанда.

Осы Келісімде тақырыптар тек ыңғайлылық үшін ғана келтірілген және Келісімді түсіндіру немесе интерпретациялау кезінде назарға алынбауы тиіс.

3. САТЫП АЛУ-САТУДЫ ТІРКЕУГЕ ЖӘНЕ РЕСІМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ БІЗБЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

3.1. Осы Келісімнің қолданылуы кезеңінде біз сізге осы Келісімнің ережелері мен шарттарына сәйкес сізге / сізден Инвестиция нысандарын сатуға және сатып алуға келісеміз.

3.2. Шот. Инвестор мен Тіркеуші арасында жасалатын Тіркеушімен келісімге сәйкес эмитенттерге/эмитенттерден Инвестиция нысандарын сату мен сатып алуды жүзеге асыру мақсатында Инвестор Қосымша арқылы (1) AIX Registrar және AIX CSD-де тіркеуден өтіп, Инвестор мен AIX CSD арасындағы қызмет көрсету туралы келісімге сәйкес AIX Registrar және AIX CSD-де сәйкесінше шот ашуы тиіс. Шот іске қосылғаннан кейін Инвестор Инвестиция нысандарына сұранымдар жіберуге құқылы. Инвестордың сұранымын Эмитент қанағаттандырғаннан кейін, Бағалы қағаздарға меншік құқығы Инвестордың Шотына

тіркеледі. Сіз ашқан Шот өзін-өзі басқарады және Инвестор мен AIX Registrar/AIX CSD арасындағы тиісті Қызмет көрсету келісімімен реттеледі.

Қаржылық шоттар теңгеде, АҚШ долларында немесе Қосымшада қолжетімді кез келген басқа валютада ашылуы мүмкін. Инвестор өзінің банктік картасы арқылы Қаржылық шотты толтыра алады. Қаржылық шотты толтырғаннан кейін Инвестор сатып алуды тек Қаржылық шот арқылы жүзеге асыра алады, ал Инвестордың банктік картасы арқылы тікелей сату/сатып алу операцияларын жүзеге асыру мүмкін емес.

3.3. Инвестициялық шешім. Сіз Қосымша арқылы жіберілген барлық сатып алу-сату сұрауларына жауаптысыз. Сіз өзіңіздің инвестициялық шешімдеріңізге сүйене отырып, кез-келген Инвестиция нысандарын Қосымша арқылы сатып алу және / немесе сату және/немесе сыйлау (тиісті болса) туралы шешімдерді қоса алғанда, өзіңіздің инвестициялық стратегияңызды жасайсыз. Сіз барлық нысандарға салынған инвестициялардың тиісті инвестиция нысандарын ұсынатын құжаттарда көрсетілгендей тәуекелдермен байланысты екенін түсінесіз және қабылдайсыз. Сіз тиісті Проспектідегі қамтылған ақпарат негізінде кез келген тәуекелдің жарамдылығын анықтауға тек өзіңіз жауаптысыз.

3.4. Дербес деректерді пайдалану. Инвесторлық Келісім мен Байланысты құжаттар бойынша тиісті міндеттемелерін орындау үшін Инвестор Қосымша арқылы жіберілген барлық деректерге Tabys Ltd, AIX, Эмитент, AIX Тіркеушісі және AIX CSD қол жеткізуге, жинауға, пайдалануға, өңдеуге және сақтауға болатынымен келіседі.

3.5. Алымдар мен төлемдер. Инвестор инвестиция нысандарымен жасалатын операциялар үшін барлық салықтар мен комиссияларды (сатып алуды, сатуды, алуды және аударуды (сыйға тартуды) қоса алғанда) және Қосымша арқылы Бағалы қағаздармен транзакцияларды өңдеуден туындайтын немесе оған байланысты басқа да алымдарды, соның ішінде AIX Тіркеушісінің алымдарын, AIX CSD алымдарын төлейді. Алымдар мен төлемдер сіздің Қаржылық шотыңыздан шығарылуы мүмкін және сіз AIX CSD-ге осындай алымдар мен комиссияларды сіздің Қаржылық шотыңыздан есептен шығаруға келісіп, тиісті тұрақты бұйрық бердіңіз деп есептеледі. Қаржылық шотты қаражатпен толтыру/шешу нәтижесінде немесе оған байланысты туындауы мүмкін төлемдерді өңдеу үшін комиссия Инвестордың Шотынан алынады. Инвестиция нысандары бойынша операциялар үшін комиссиялардың мөлшері <https://www.tabysapp.kz> веб-сайтында орналастырылады. AIX Тіркеушісі комиссияларының мөлшері Тіркеушімен келісімнің талаптарына сәйкес белгіленеді. AIX CSD комиссияларының мөлшері Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шарттың талаптарына сәйкес белгіленеді. Қосымша арқылы Инвестиция нысандарымен операцияларды өңдегені үшін Инвесторға қолданылатын тарифтер мен комиссияларды AIX Registrar/AIX CSD кез келген уақытта Қосымшаға немесе веб-сайтқа өзгертулер енгізу арқылы, push-хабарлама немесе электрондық пошта арқылы тиісті хабарлама жіберу арқылы өзгертуге болады.

Операциялар бойынша төлемнің өзге шарттары осы Келісімнің 4.7-4.9. тармақтары арасында көрсетілген.

3.6. Мәлімдеулер мен растаулар. Мәлімдеулер мен растаулар. Инвестор мәмілелерді растаулармен қоса, өзінің профиліндегі барлық хабарламаларды, мәлімдемелерді, сонымен қатар басқа, соның ішінде Эмитент электрондық поштамен жіберген хабарларды кідіртпей қарап отыруы тиіс. Мұндай құжаттар Инвесторлар үшін міндетті болып саналады. AIX Тіркеушісі қосымша арқылы сұрау салу бойынша Инвесторға оның тізіліміндегі шотындағы Инвестиция нысандарына меншік құқығын растайтын ақпаратты немесе мәлімдемелерді Тіркеушісімен келісімге сәйкес ұсына алады. AIX CSD Қосымша арқылы сұрау салу бойынша Депозитарлық шотта сақталған әрбір Инвестиция нысанының тізімін, сипаттамасын және сомасын қамтитын мәлімдемелерді немесе есепті және Депозитарлық шоттағы Клиенттің ақшалай қаражатының қозғалысын есеп беру күніне Кастодиандық қызмет көрсету туралы Шартқа сәйкес ұсына алады.

3.7. Эмитент қаражатты аудару туралы тапсырмаларды қабылдау және оларға сәйкес іс-әрекеттерді орындау кезінде кез келген қауіпсіздік процедуралары мен Қосымшаны, Инвестордың Шоттарын және Қосымшаны пайдаланатын басқа да тұлғалардың мүдделерін қорғау үшін мақсатқа сәйкес және қажетті деп саналатын әрекеттерді орындау құқығына ие.

3.8. Инвестор белгілі бір Инвестиция нысандарын ғана сатып алу/жазылу, сату және сыйға тарту үшін қолжетімді екенін түсінеді және онымен келіседі.

3.9. Куәландырулар мен кепілдіктер. Байланысты құжаттарда көрсетілген басқа да куәландырулар мен кепілдіктерге қосымша, сіз мыналарды куәландырасыз және кепілдендіресіз:

- Қосымша арқылы инвестиция нысандарымен операциялар жасауға сіздің құқыңыз бар екендігін;
- Сіз берген ақпарат шынайы, толық және дәл болып табылады және жаңылдырмайды және сіз мәліметтердегі кез келген өзгерістер туралы кідіртпей бізге хабарлауға келісесіз, олардың қатарына, өзгелерден басқа, толық аты-жөні, электрондық пошта мекенжайы, жеке басты куәландыратын құжаттың нөмірі мен деректемелері, пошталық мекенжай, банктің немесе шоттың деректемелері, мәмілені қаржыландыру көзі, саяси ықпалы жоғары тұлғаның мәртебесін қоса, осы Келісім мен Байланысты құжаттар мақсатында қажет кез келген дербес ақпарат және біз негізде түрде сұратқан кез келген басқа ақпарат, егер біз талап етсек, тиісті растаушы құжаттарды беруді;
- Сіз өзіңіздің дербес деректеріңіздің өңдеуі Байланысты құжаттардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылатынымен келісесіз; осы арқылы сіз Эмитент пен оның үлестес тұлғаларына, соның ішінде қызметкерлеріне, агенттеріне және мердігерлеріне осы Келісім мен Байланысты құжаттар мақсатында және қолданылатын заңнамаға сәйкес сіздің дербес деректеріңізді пайдалануға және өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық табыстауды қоса, жинау, өңдеу, сақтау және тарату үшін) өзіңіздің келісіміңізді беретіндігіңізді;
- Сіз (i) осы Келісім мақсатында және (ii) Қосымша арқылы инвестиция нысандарымен мәмілелер жүргізу үшін жұбайыңыздың сөзсіз келісімін (қажет болған жағдайда), сонымен қатар сізге қолданылатын заңнамаға сәйкес талап етілетін басқа да рұқсаттарды алғандығыңызды, сондай-ақ мұндай рұқсаттар жойылмағандығын және кері шақыртылмағандығын;
- Сіз (i) осы Келісім мақсатында; (ii) Қосымша арқылы Инвестиция нысандарымен операциялар жүргізу үшін, сонымен қатар сіздің тиісті міндеттемелеріңізді орындау үшін; (iii) АХҚО Заңнамасының және қылмыстық жолмен алынған табысты заңды деп тануға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау үшін барлық іс-әрекеттерді орындағандығыңызды және орындауға, сонымен қатар сұратылған барлық қажетті құжаттарды беруге міндеттенетініңізді;
- Қосымша арқылы Инвестиция нысандарымен мәміле жасау қандай да бір қолданылатын заңдарды бұзушылық болып табылматындығын және бұзуға әкелмейтіндігін;
- Қосымша арқылы Инвестиция нысандарымен мәміле жүргізу мақсаттары үшін сіз өз атыңыздан іс-әрекет ететіндігіңізді және үшінші тараптардың атынан қатыспайтындығыңызды;
- Сіз осы Келісіммен танысып шыққаныңызды, оны түсінетініңізді және қабылдайтыныңызды және оның барлық талапшарттары мен талаптарын, сонымен қатар Байланысты құжаттарда көрсетілген ережелерді ұстануға келісесіз.

4. ИНВЕСТИЦИЯ НЫСАНДАРЫМЕН МӘМІЛЕЛЕР (ОПЕРАЦИЯЛАР)

4.1. Инвестициялауға қатысты тәуекелдер. Инвестиция нысандарына жасалатын инвестициялар бірқатар тәуекелмен, соның ішінде, өзгеден басқа, бағаның құбылмалы кезеңдеріндегі залалдар тәуекелімен байланысты. Сондықтан Инвестиция нысандарымен транзакцияларға қатысты Қосымша арқылы жасалатын барлық инвестициялық шешімдер сіздің өзіңіздің тәуекеліңізбен қабылданатынын және сіз қаржылық тұрғыдан мұндай тәуекелдерге баруға және болуы мүмкін залалдарға төтеп беруге дайын екеніңізді мойындайсыз және түсінесіз. Эмитент, AIX Registrar, AIX CSD және оның кез келген үлестес тұлғалары мұндай тәуекелдермен байланысты жауапкершілік алмайды. Нақты Бағалы қағаздармен байланысты тәуекелдер туралы ақпарат <https://aix.kz/prospectus/> веб-сайтында жалпы қолжетімділіктегі тиісті Проспектілерде орналастырылады. Сіз Проспектіні алғаныңызды және Бағалы қағаздарды сатып алардың алдында онымен танысып шыққаныңызды растайсыз.

4.2. Сұрауларды орындау. Қосымшада сіз Бағалы қағаздарды сатып алу/жазылу, сату (бар болса) немесе сыйға тарту және/немесе Қаржылық шотты толықтыру, аудару, қаражатты шешу опциясын таңдап, қосымша арқылы сәйкесінше Эмитентке, AIX Тіркеушісіне және AIX CSD-ге тиісті сұрауларды жібере аласыз.

4.2.1. Сатып алу, сату және сыйға тарту туралы сұраулар. Инвестиция нысандарының құны өзгеруі мүмкін және нақты бағасы мен сомасы Астана уақыты бойынша сағат 11-ден бастап (бағалы қағаздар бойынша) немесе 9:00-де (инвестициялық монеталардың бөліктерінің бағасы) әр жұмыс күні анықталады. Нақты баға сұрау салу кезінде көрсетілген бағадан айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Сұрау салу сіз сұрау салған сол жұмыс күні немесе келесі жұмыс күні орындалады (егер сұрау салу жұмыс күнінен тыс күні немесе Астана уақыты бойынша сағат 17:00-ден кейін берілсе), (бағалы қағаздарға қатысты сұраныс немесе 15:00-ден кейін инвестициялық монеталардың бөліктеріне (үлестеріне) қатысты сұраныс) кейіннен сіздің Қаржылық шотыңызға және тиісінше Инвестиция нысандарына төлемдер есептеле немесе алына отырып, /сіздің Шотыңызға немесе алушының Шотына (сыйға тартылған жағдайда) AIX Registrar/AIX CSD (қайсысы тиісті болса) Қызмет көрсету келісіміне сәйкес, ол туралы Сізге хабарланатын болады.

4.2.2. Жазылым сұраулары. Бағалы қағаздардың құны Проспектіде анықталады. Егер Эмитент/Инвестор жазылым сұрауын қабылдаса немесе күшін жойса, бөлу аяқталғаннан кейін қаражат Қаржылық шотқа қайтарылады.

4.2.3. Инвестициялық монетаны алу өтінімі. Қосымшада инвестициялық монетаны алу өтінімін тек инвестициялық монетаны құрайтын барлық бөліктерді (үлестерді) сатып алған жағдайда ғана жіберуге болады. Инвестициялық монетаны алу өтінімінде инвестициялық монеталардың санын, сондай-ақ монетаны алғыңыз келетін Эмитент филиалын және алу күнін көрсету қажет. Инвестициялық монетаны алу комиссиясы Эмитентпен белгіленіп, сіздің қаржылық шотыңыздан ұсталады. Инвестициялық монетаны алудың шарттары (құжаттары) мен уақыты монетаны алу үшін Инвестор таңдаған Ұлттық Банктің филиалымен анықталады. Егер инвестор инвестициялық монетаны белгіленген уақытта алмаса, келесі жұмыс күні бұрын ұсталған инвестициялық монетаның бөліктері (үлестері), сондай-ақ ақшалай комиссиялар (олар ұсталған жағдайда) инвесторға қайтарылады. Инвестор өтінімді қайта жіберуге де құқылы.

4.2.4. Қаржылық шот бойынша сұраулар. Таңертеңгі 9-дан 16:00-ге дейін жіберілген Қаржылық шотты толтыру және қаражатты шешу туралы сұраулар сол күні орындалады. Көрсетілген сағаттан кейін берілген сұраулар келесі жұмыс күні өңделеді. Сіз Қаржылық шоттағы Клиенттік ақшалай қаражатын банктік картаға немесе сіздің атыңызға ашылған банктік шотқа шешуді сұрай аласыз. Қосымшада белгіленген шектеулерге байланысты қаражатты шешудің бір ғана нұсқасы қол жетімді болуы мүмкін. Аударым сұрауы таңғы 11-ден 16:00-ге дейін орындалады. Осы уақыттан кейін берілген сұраулар келесі жұмыс күні өңделеді.

Біз сіздің сұрауларыңыздың кез келген уақытта орындалатынына кепілдік бермейміз, немесе Қызмет көрсету келісімінде көзделген шектеулерге байланысты және сұрауды орналастыру мұндай сұраулардың орындалуына кепілдік бермейді.

4.3. Сұрауларды жою. Сатып алуға және сатуға берілген сұраулар 17:00-ден кейін жіберілсе (бағалы қағаздарға қатысты) немесе 15:00-ден кейін (инвестициялық монеталардың үлестеріне қатысты), орындалу сәтіне дейін жойылуы мүмкін. Жазылым сұрауы тарату болғанға дейін кез келген уақытта жойылуы мүмкін. Орындалған сұрауларды жою мүмкін емес.

4.4. Кешіктірілу мен бас тарту. Біз кез келген сұрауды, соның ішінде AIX CSD немесе AIX Тіркеушісі бұл сұраудың сіздің қосымша тексеруіңізді және/немесе түсіндіруіңізді талап ететінін анықтағанымыздың негізінде, қабылдамай қайтара аламыз немесе біздің қарауымыз бойынша оның орындалуын кейінге қалдыра аламыз. Сіз сонымен қатар нақты инвестиция нысаны бағасының және көлемінің тұрақсыздығы кезеңдерінде немесе жүйелік проблемалар сұрауды орналастырудың немесе орындаудың мүмкінсіздігіне әкелгенде, сіздің шығынға ұшырауыңыз мүмкін екенін растайсыз. Сіз сұрауды орындаудан бас тарту салдарынан және олардың орындалуын кешіктіруден немесе жүйенің тұрақсыздығынан туындаған залалдар үшін біздің жауапкершілік алмайтынымызды растайсыз. Егер операция сәтсіз болса, сіздің сұрауыңыз қабылданбайды және сіз бұл туралы тиісті хабарлама аласыз. AIX Тіркеушісіндегі Тіркеушінің тізіліміндегі Шот немесе AIX CSD-дегі Депозитарлық шот бұғатталған жағдайда, сұрау қабылданбай қайтарылады. Сіз қаражатты немесе инвестиция нысанын орналастыруға, алуға немесе транзакцияға рұқсат беруден бас тартуымыздың нәтижесінде сіздің ұшырауыңыз мүмкін залалдар үшін бізге жауапкершілік жүктелмейді.

4.5. Сатуға шектеулер. Біздің өз мүдделерімізді қорғауымыз және өзімізге алған міндеттемелерімізді орындау мақсаттарында біз Инвесторға хабарлаусыз кез келген ісәрекет қабылдауға құқылымыз. Сонымен қатар, егер қолданыстағы заң нормаларына қайшы келетін болса, біз Бағалы қағаздарды сатуға/жазылуға, сатып алуға, алуға немесе сыйға тартуға басқа да шектеулер орнату құқығын иеленеміз. Егер біз алаяқтыққа, толық емес әрекет қабілеттілікке, орынсыз әрекеттерге орынды күдігіміз бар болса немесе егер біз кейбір немесе барлық активтерге меншік құқығының даулануда екендігі туралы алдын ала хабарлама алсақ, AIX Тіркеушісі сіздің Тіркеушінің тізіліміндегі Шотыңызды немесе AIX CSD сіздің Депозитарлық шотыңызды бұғаттауға құқылы.

4.6. Төлемдерді есептеу. Кез келген сатып алу/жазылу есеп айыру күні немесе оған дейін төленген жағдайда Инвестормен санкцияланған барлық сұраулар өңделетін болады. Бұл Қаржылық шотты алдын-ала толтыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Инвестор орналастыратын сатуға, алуға немесе сыйға тартуға арналған сұраулардың барлығы Инвестор тапсырысты орналастыру мезетінде Инвесторға тиесілі Бағалы қағаздарға жатқызылатын болады.

4.7. Инвестиция нысанын сатып алу бойынша қандай да бір транзакцияны орындаудың алдында Қосымша сіздің Инвестиция нысандарын сатып алуға арналған сұраулардың сомасын (осы күнге берілген алдыңғы сұрау салулармен бірге) Эмитент алдын ала анықтаған шектік сомаға қатысты тексереді. Сіздің сұрауыңыз (осы күнге берілген алдыңғы сұраулармен бірге) шектік сомадан асатын болса, бұл сұрау қабылданбайды және сіз Қосымшада бұл туралы сұрау салу сомасын өзгерту немесе сол сұрауды келесі жұмыс күні жіберу туралы ұсыныспен қоса хабарлама аласыз.

4.8. Қосымшада Инвестиция нысандарын сыйға тарту бойынша операцияны орындаудың алдында сый алушының Қосымшада қолданыстағы тіркелуі, қолданыстағы (бұғатталмаған) Шоты және тиісінше Қызмет көрсету келісіміне сәйкес сый алушыға қатысты қарастырылған шектеулердің бар-жоқтығы бойынша басқа да деректерін тексереді.

4.9. Біз кез келген сұрауды қабылдағанға дейін толық төлем жасауды талап ету құқығын өзімізге қалдырамыз. Инвесторда мәмілені және/немесе ол бойынша есеп айырысуды орындағанға дейін тиісті Шотта (AIX CSD-де немесе AIX Тіркеушісінде) қажетті

Инвестиция нысандары және/немесе жеткілікті Клиенттің ақшалай қаражаты болуы тиіс. Егер Инвестордың Шотында Клиенттің ақшалай қаражаты немесе Инвестиция нысандары жоқ болса, Эмитент/AIX CSD/AIX Registrar мұндай транзакциядан бас тартуға құқылы. Инвестор валюталық операцияларға қолданылатын реттеуші және банктік шектеулерге байланысты төлемдердің төлемдерді өңдейтін банк(тар) белгілеген валюта бағамдары бойынша айырбастауға жататынын, нәтижесінде Инвестор төлейтін соманың өзгеру мүмкіндігін түсінеді.

4.10. Инвестордың өзі Қаржылық шотты толтыруға, аударуға және шешуге байланысты валюта айырбастауды сұрайды. Инвестор валюталық операцияларға қолданылатын нормативтік және банктік шектеулерге байланысты төлемді жүзеге асыратын банк (банктер) белгілеген бағам бойынша айырбасталуы мүмкін екенін түсінеді, бұл Инвесторға тиесілі соманың өзгеруіне әкеледі. Эмитент орындалған күні валюта бағамдарының ауытқуынан туындаған алынған қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты орындалған сұрау салуларды жоя алады.

Егер Инвестор Бағалы қағаздарды алмаса немесе олардың сұраныстары оларға жазылу үшін енгізілген қаражаттың жеткіліксіздігіне байланысты жойылса, валюта бағамдарының ауытқуына немесе орындалған сұраныстардың күшін жоюға байланысты қауіптерді қоса алғанда, барлық байланысты қауіптер Инвесторға жүктеледі.

4.11. Купондар және дивидендтер. Купондар, дивидендтер және/немесе негізгі сома бойынша төлем Бағалы қағаздар Эмитентіне байланысты және дивидендтер, купондар және/немесе Бағалы қағаздардың негізгі сомасы бойынша төленгенге дейін және одан кейін бірнеше күн бұрын сізге (егер сіздің шотыңызда тиісті Бағалы қағаздар болса) X күнге купондар/дивидендтер сіздің банк картаңызға картаның тиісті валютасында төленетіні туралы сізге хабарлама жібереді.

5. ДЕРБЕС ИНВЕСТОР

5.1. Инвестор дербес және тәуелсіз инвестор ретінде әрекет етеді және қайсы бір инвестициялық стратегияның мақсатқа сәйкестігі үшін немесе оларды қолдану үшін жауапкершілікте болады. Эмитент те, оның қандай да бір үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері де кез келген осындай шешім үшін жауапкершілік алмайды және нақты мәмілені жасасу туралы немесе сатып алу, сату немесе белгілі бір Инвестиция нысандарына иелік ету туралы ешқандай ұсынымдар бермейді.

5.2. Инвестор Эмитентті, AIX CSD және AIX Registrar-ды Шотына қатысты инвестицияларды қадағалау немесе қарап бақылауға, Инвестиция нысандарына немесе Клиенттің ақшалай қаражатына инвестиция жасау жөнінде ұсыныстарға қатысты дискрециялық өкілеттіктерді жүктемейді.

5.3. Сіз осы арқылы Эмитентке, AIX CSD-ге және AIX Тіркеушісіне жіберген барлық сұраулардың, тапсырмалардың және хабарламалардың тиісті түрде сізбен санкцияланғанын кепілдендіресіз.

5.4. Біз ұсынған кез келген зерттеулер, талдама, жаңалықтар немесе басқа да ақпарат Инвестиция нысандарының нақты түрін сіздің сатып алуыңыз/жазылуыңыз, сатуыңыз немесе ұстауыңыз қажет немесе қажет еместігі туралы жеке ұсыным болып саналмайды.

6. ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БОЛДЫРМАУ

6.1 Эмитент және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері Инвестордың осы Келісімнің талапшарттарын Эмитенттің орындауы кезінде және осы Қосымшаның бар болуы уақытында туындаған міндеттемелері үшін жауапкершілікте болмайды.

6.2. Инвестордың қандай да бір сұрауларға, тапсырмаларға, келісімдерге, деректерге сәйкес туындаған немесе Инвестор Қосымша арқылы («Құқықтар мен Міндеттемелер») жасасқан барлық мәлімдемелері, кепілдіктері, құқықтары мен міндеттемелері Эмитенттің Құқықтары мен Міндеттемелері емес, Инвестордың Құқықтары мен Міндеттемелері болып табылады.

6.3. Ешқандай келісім немесе әрекет, оның ішінде осы Келісімге және Байланысты құжаттарға сәйкес келісім немесе әрекет қандай да бір бірлескен жауапкершілікті көздемейді, ал Инвестор осы Келісім шеңберіндегі өзінің міндеттемелері бойынша жекеше жауапкершілік алады.

6.4. Қолданылатын заңнаманың барлығында белгіленген жағдайларда, ешқандай мән-жайда Эмитент және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері сіздің бағалы қағаздар сатып алуыңызға және сатуыңызға қатысты, өзгеден басқа, беделді жоғалту, айрылып қалған пайдалар болған залалдарды қоса, кез келген тікелей, жанама, ерекше немесе ілеспе залалдар үшін сіздің алдыңызда жауапкершілікте болмайды.

6.5. Эмитент және оның үлестес тұлғалары, директорлары, қызметкерлері, мердігерлері, агенттері, тіпті оларға өзгеден басқа, қатеден, қапылықтан, арасы үзілуден, ақаулықтан, орындамаудан, санкцияланбаған пайдаланудан, жұмыстағы немесе берудің кешіктірілуінен, желінің жаңылысынан, компьютерлік вирустан, құрт-бағдарламадан, «Троян атынан» немесе басқа түрдегі зиян мен бүлінулерден туындаған залалдарды қоса, мұндай залалдың мүмкін екендігі туралы хабарланса да, жауапкершілікте болмайды.

7. ӨЗГЕ ШАРТТАР

7.1. Ережелердің автономдылығы. Егер осы Келісімнің қандай да бір ережесі қазіргі немесе келешектегі заңнамаға сәйкес заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын деп танылса, мұндай ережелер толығымен автономды болады. Бұл жағдайда: (1) осы Келісім мұндай заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын ереже осы Келісімнің бір бөлігі болмағандай немесе оған заңдылық пен жарамдылық беру мақсатында өзгертілгендей және түсіндірілуі және қолданылуы тиіс (2) осы Келісімнің қалған ережелері толық күшінде қалады және заңсыз, жарамсыз немесе қолданылмайтын ережелермен немесе қолданылатын заңнамамен рұқсат етілген дәрежеде оларды осы Келісімнен бөлумен өзгертіле алмайды.

7.2. Пайдалану құқығы. Эмитент осы Келісімнің мақсаттары үшін Қосымшаның иесі болып табылатын АІХ арасындағы келісім негізінде Қосымшаны пайдалануға тиісті құқығы бар.

7.3. Мақсаттық бет (Landing page). Қосымшада Қосымша мен Шот туралы маңызды ақпарат Қосымшаның мақсаттық бетінде сілтеме орналастырылған: <https://www.tabysapp.kz/>. Инвестор қосымшаның жұмысы, қаражат алу және жіберу, осы Келісімнің мәтіні және Байланысты құжаттар туралы, сонымен қатар шот жөнінде басқа да жалпы мәліметтер туралы жалпы ақпарат білу үшін мақсаттық бетті қарауы тиіс.

7.4. Инвестордың активі. Эмитент Инвестордың жеке активтері мен Бағалы қағаздарын сақтамайды және оларды басқармайды.

7.5. Есеп беру. Инвестиция нысандарымен мәміле жасалған кезде Инвестор осы Келісімнің 3.6-тармағына сәйкес хабарлама арқылы есептілік туралы күнгі Шотта сақталатын жасалған мәмілелер (сату/сатып алу, алу, сыйлау, Инвестиция нысанының сипаттамасы мен сомасы, мәміле жасалған күні, есеп айырысу күні) туралы толық ақпаратты қамтитын растауды алады.

7.6. Ынталандыру. Біз, Эмитент, біздің қызметкерлер немесе серіктестер үшінші тұлғалардан сыйақы, комиссиялар немесе басқа тікелей немесе жанама пайдалар түрінде үшінші тұлғалардан қандай да бір ынталандыруларды ұсынбауға, бермеуге, сұрамауға және қабылдамауға кепілдік береміз.

7.7. Шарттың бүкіл көлемі. Осы Келісім мен Байланысты құжаттар сіз бен біздің арамыздағы ажырамас заңды түрде міндетті және толық келісім болып табылады және жазбаша болса да немесе ауызша болса да оның нысанасына қатысты барлық бастапқы мәліметтерді,

келісімдерді, уәделерді, сендірулерді, кепілдіктерді, мәлімдемелерді, уағдаластықтарды алмастырады, сонымен қатар жоққа шығарады. Инвестор осы Келісімді жасасқан кезде қандай да бір мәлімдемелерге немесе кепілдіктерге сенім артпайтынын немесе осындай мәлімдемелерге немесе кепілдіктерге қатысты осы Келісімде және/немесе Байланысты құжаттарда жазылмаған қандай да бір құқықтық қорғау құралдары жоқтығын (білмегендіктен немесе салақтықтан айтылған) мойындайды.

7.8. Құқықтар мен міндеттерді табыстау. Осы Келісім бойынша қандай да бір құқықтар мен міндеттерді табыстауға сіздің құқыңыз жоқ. Біз осы Келісім бойынша біздің құқықтарымыз бен міндеттерімізді немесе олардың кез келген бөлігін сіздің алдын ала келісіміңізсіз кез келген уақытта бере аламыз.

7.9. Хабарлаулар. Біз кез келген хабарлама мен ескертпелерді сіз берген телефон нөміріңізге, электронды поштаңызға, пошталық мекенжайға немесе кез келген басқа тәсілдермен жолдай аламыз. Біз хабарламалар мен ескертпелерді Қосымшада жариялауымыз мүмкін. Хабарламалар мен ескертпелер оларды біз жібергенде, сіздің қараған-қарамағаныңызға байланыссыз, сізге жеткізілген болып саналады.

7.10. Электрондық құралдар көмегімен қабылдау. Құжаттар мен тапсырыстарға қол қою және онлайн растау үшін сіздің электрондық қол қоюды пайдалануыңыз сіз оларға қолыңызды қолмен қойғаныңыз сияқты сізді заңды түрде тежейтіндігімен сіз келісесіз. Осы Келісімнің және онда аталған басқа да құжаттардың электрондық нұсқаларын пайдалану олардың сізге жазбаша түрде берілуі тиістігі туралы кез келген талапты толығымен қанағаттандырады. Сіз бұл құжаттарды оқығаныңызды және түсінгеніңізді растайсыз және бізбен істерді электрондық байланыс құралдарының көмегімен жүргізуге келісесіз. Сіз веб-сайттар мен Қосымшаны өзгерістер мен модификациялауға қатысты мерзімді тексеріп тұруға міндеттісіз.

7.11. Үшінші тараптардың құқықтары. АХҚО-ның Шарттар туралы ережелерінің 10-бөлігіне сәйкес (Үшінші тараптардың құқықтары), AIX Тіркеушісін немесе AIX CSD-ді қоспағанда, осы Келісімнің тарабы болып табылмайтын тұлға оның қандай да бір талаптарын қолдануға құқысыз.

7.12. Өзгерістер. Біз Инвесторды алдын ала хабарландырусыз осы Келісімге өзгерістер енгізу құқығын өзімізге қалдырамыз. Осы Келісімнің ағымдағы нұсқасы Қосымша арқылы берілетін болады, ал осындай өзгеріс қабылданғаннан кейінгі сіздің қосымшадағы және шоттағы одан арғы белсенділігіңіз Келісімге енгізілген барлық өзгерістермен оларды сіздің қарағаныңыз-қарамағаныңызға байланыссыз келісетініңізді білдіретін болады. Біз Келісімге енгізу үшін жіберілген қандай да бір ауызша мәлімдемелерді ескеруге міндетті емеспіз.

7.13. Келісімді бұзу. Біз осы Келісімді алдын-ала хабарлау арқылы тоқтата тұруға немесе бұзуға немесе Қызмет көрсету шарттарында белгіленгендей сіздің Қосымшаға қол жеткізіңізді бұғаттауға құқылымыз. Егер Байланысты құжаттардың кез келгенінің қолданылуы тоқтатылса немесе сіздің AIX Тіркеушісіндегі Тіркеушінің тізіліміндегі Шотыңыздың немесе AIX CSD-дегі Депозитарлық шотыңыздың жабылған жағдайында осы Келісім бұзылған болып саналады.

7.14. Форс-мажор. Біз осы Шарт бойынша міндеттемелердің толығымен немесе жартылай орындалмағаны, өзгеден басқа, форс-мажорлық мән-жайларды қоса, біздің орынды бақылауымыздан тысқары мән-жайлар тікелей немесе жанама түрде туындатқан залалдар үшін жауапкершілік алмаймыз. «Форс-мажор» өзгеден басқа, келесі оқиғаларды қоса, тараптың орынды бақылауынан тысқарыдағы оқиғаларды білдіреді: табиғи апат, ауа райының төтенше жағдайлары, жер сілкінісі немесе дүлей апат сипатындағы басқа да құбылыстар, соғыс, көтеріліс, тәртіпсіздіктер, жұмысшылардың ереуілдері, лаңкестік актілері, үкімет шектеулері, биржалық және нарықтық қаулылар, сауда-саттықтың тоқтатыла тұруы, компьютер жүйелерінің істен шығуы немесе байланыс желісіндегі жаңылыстар, немесе биржалық орталықтағы құралдардың немесе жеткізу құралдарының істен шығуы.

7.15. Залалды өтеу кепілдігі. Құқық бұзушылық тікелей Эмитент, оның аффилирленген тұлғаларының, директорларының, мердігерлерінің, қызметкерлерін, агенттерің және үшінші тарап қызмет көретушілердің алаяқтық немесе қасақана заңсыз мінез-құлқынан туындаған жағдайларды қоспағанда, Эмитентжәне оның үлестес тұлғаларын, директорларын, мердігерлерін, қызметкерлерін, агенттерін және бөгде өнім берушілерін кез келген наразылықтардан, залалдардан және міндеттемелерден, шығыстардан, сот шешімдерінен, айыппұлдардан, сот процестерінен, сіздің Қосымшаға қолжетімділігіңіздің және оларды пайдалануыңыздың нәтижесінде немесе осы Келісімге және Байланысты құжаттарға орай тікелей немесе жанама түрде туындайтын зиян мен шығыстардан (өзгеден басқа, сот шығыстарын және заңгерлік шығыстарды қоса) қорғауға және арашалауға келісесіз.

7.16. Құқықтардан және талаптардан бас тарту. Біздің осы Келісімді сақтау мақсатында жасалған ешбір әрекетіміз немесе әрекетсіздігіміз қандай да бір құқықтарымыздан бас тартуды білдірмейді.

7.17. Қолданылатын құқық және юрисдикция. Осы Келісім АХҚО заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Егер осы Келісімнің шеңберіндегі міндеттемелерді орындау барысында қандай да бір дау туындаса, Инвестор және Эмитент дауларды сотқа жүгінусіз 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Егер пайдаланушы мен Эмитент дауды шешу бойынша келісімге келмесе, осы Келісім бойынша немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау, соның ішінде оның бар болуына, шынайылығына немесе оны бұзуға қатысты кез келген мәселе алдымен АХҚО-ның Халықаралық төрелік орталығына төрелік және медиация қағидаларына сәйкес сотқа дейінгі реттеу үшін беріле алады. Шешілмеген даулар АХҚО Сотының Ережелері мен Қағидаларына сәйкес АХҚО Сотының қарауына және түпкілікті реттеуіне беріледі.

Осы Келісімді басқа тілдерге аударған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін басым болады.

Бізбен байланысыңыз

Егер Қосымшаға қатысты қандай да бір сұрақтарыңыз болса, бізге tabys@tabysapp.kz мекенжайы бойынша жазуыңызға болады.